

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК
ЖҮЙЕСІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
**ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 18 НАУРЫЗДАҒЫ № 62 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды және Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қауіпсіздік мониторингін жүргізу және рейтингін айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар: Астана қ., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, 2024 ж. – 87 б.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне жұмыста қолдануға арналған, білім беру үрдісін жүзеге асыру үшін балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз, жайлы ортасын құру жөніндегі іс-шаралар кешені болып табылады және ұсыным ретінде беріледі.

Әдістемелік ұсынымдарда қауіпсіздік мәселелерінен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, СанҚМН, құрылыс нормалары мен ережелеріне сілтемелер берілген, физикалық, экологиялық және психологиялық қауіпсіздікті анықтау әдістемесі, мектептердегі қауіпсіздік шарттарының үлгілік тізбесі, қауіпсіздік мониторингін жүргізу критерийлері мен құралдары, алгоритмдер, жадынамалар, нұсқаулықтар, хаттамалар, шаблондар, сауалнамаларға ұсынылатын сұрақтар берілді.

ОГЛАВЛЕНИЕ

1-тарау. Жалпы ережелер.....	4
2-тарау. Қауіпсіз физикалық және экологиялық білім беру ортасын қамтамасыз ету.....	5
3-тарау. Білім беру үрдісінің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.....	5
4-тарау. Қорытынды ережелер.....	14
Жалпы білім беретін мектептерінде физикалық және экологиялық қауіпсіздік шарттарының үлгілік тізбесі.....	15
.....	15
2-қосымша	22
Қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру кезінде мектеп педагогтерінің жауапкершілігін үлестіру.....	22
3-қосымша	25
Мектепке келушілерге, оның ішінде оқушылардың.....	25
заңды өкілдеріне арналған үлгі нұсқаулық	25
Балаға қатысты жәбірлеу түрін анықтауға арналған сұрақтардың ұсынылатын тізбесі.....	27
Педагог үшін ақпарат жинауға арналған үлгілік ескертпе	30
6-қосымша	32
Мектептегі жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің	32
алдын алуға ұсынылатын іс-шаралар тізбесі	32
.....	32
7-қосымша	35
Балаларға қатыгездік танытқан жағдайда тәуекел, осалдық және қорғаныс факторларын бағалауға ұсынылатын хаттамалар.....	35
8 -қосымша	39
Балаларға қатысты қатыгездік таныту оқиғаларын есепке алудың электрондық журналының үлгісі	39
9-қосымша	40
10-қосымша.....	42
Ата-аналарға арналған үлгі ескертпе	42
.....	42
Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қауіпсіздік мониторингін жүргізу және рейтингін айқындау жөніндегі.....	44
әдістемелік ұсынымдар.....	44
1-тарау. Жалпы ережелер.....	45
2-тарау. Мектептердің қауіпсіздік мониторингін жүргізу және рейтингін анықтау тәртібі	45
3-тарау. Мектептерде қауіпсіздік мониторингін жүргізу.....	46
Мектептегі физикалық қауіпсіздікке талдау жүргізу үшін ұсынылатын чек-парақтар.....	48
Мектептегі экологиялық қауіпсіздікке талдау жүргізу үшін ұсынылатын чек-парақтар	70
Физикалық және экологиялық қауіпсіздікті есептеу әдістемесі	77
Мектептегі психологиялық қауіпсіздік көрсеткішін бағалау үшін педагогтер мен оқушыларға ұсынылатын сауалнамалар.....	79
Оқушыларға ұсынылатын сауалнама	79
Педагогтерге ұсынылатын сауалнама.....	80
Сауалнама нәтижелерін талдау және түсіндіру.....	82
Оқушылар мен педагогтердің психологиялық	83

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқушылардың физикалық, экологиялық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені болып негізделеді және ұсыным ретінде беріледі.

2. Әдістемелік ұсынымдардың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен ратификацияланған «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Неке ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының кодекстері, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық этика ережелері» және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық

актілері құрайды.

3. Әдістемелік ұсынымдардың міндеттері:

1) балалардың өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтитын білім беру үрдісін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) қауіпсіз мінез-құлықтың тұрақты дағдыларын қалыптастыру.

4. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шарттары:

1) балалардың, педагогтердің, ата-аналардың (заңды өкілдердің) жалпы білім беретін мектептерде, тұрмыста және көшеде қауіпсіз жағдайлар жасауды реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындауын қамтамасыз ету;

2) білім беру үрдісі барысында, түрлі іс-шараларды өткізу кезінде (спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шараларға, конференцияларға қатысқанда, мұражайларға, көрмелерге барғанда), үйде және көшеде білім алушылардың жазатайым оқиғаларға ұшырауының алдын алу;

3) жалпы балалар қауіпсіздігінің алдын алу.

5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

1) жалпы білім беретін мектептері мен оқу үрдісінің қауіпсіздігіне жауапты мамандардың сауаттылығы мен құзыреттілігіне,

2) ата-аналардың педагогтермен бірлесіп жасаған жұмысының үйлесімділігіне байланысты.

6. Қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары:

- 1) балалардың мүдделеріне басымдық беру;
 - 2) балалардың қауіпсіздігі;
 - 3) балаларға құрмет;
 - 4) білім беру үрдісінің барлық қатысушыларына төзімділік;
 - 5) қабылданатын шаралардың уақыттылығы;
 - 6) балалардың, педагогтердің, ата-аналардың ынтымақтастығы;
 - 7) жүргізілетін шаралардың нәтижелілігі;
 - 8) дербес жауапкершілік;
 - 9) құпиялылық;
 - 10) балалардың құқықтарын бұзуға абсолютті төзбеушілік.
7. Мектептегі қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету:

- 1) физикалық;
- 2) экологиялық;
- 3) психологиялық қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуді көздейді.

2-тарау. Қауіпсіз физикалық және экологиялық білім беру ортасын қамтамасыз ету

8. Білім беру үрдісінің физикалық және экологиялық қауіпсіздігі:

- 1) жалпы білім беретін мектепте балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін тәуекелдердің барлық түрлерін болдырмайтын денсаулық сақтау инфрақұрылымын құруды;
 - 2) балалардың қажеттіліктеріне бағдарланған педагогтер мен қызметкерлердің құзыреттерін қалыптастыруды көздейді.
- Мектепте физикалық және экологиялық қауіпсіздігіне бағытталған ортаны қамтамасыз етуді Әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымшаға сәйкес іске асыру

ұсынылады.

3-тарау. Білім беру үрдісінің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

9. Білім беру үрдісінің психологиялық қауіпсіздігі – оқушының қадір-қасиетіне, психикалық әл-ауқатына, позитивті дүниетанымына қауіп төндіруден қорғалуы.

Білім беру үрдісінің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- 1) балаларға қатыгездікпен қарайтын қызметкерді жұмысқа жалдау тәуекелін болдырмайтын кадрларды іріктеу рәсімдерін жүргізуді;
- 2) балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді үлестіруді;
- 3) ақпаратты жинау, тіркеу, тергеп-тексеру және оның нәтижелеріне сәйкес шаралар қабылдау, балаларға жасалған қатыгездік жағдайларын есепке алу және мониторингілеуді;
- 4) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған, оған куәгер болған және оны жасаған балаларға қолдау көрсетуді көздейді.

10. Персоналды іріктеу және жалдау рәсімдерін жүргізу кезінде:

- 1) сауалнама, өмірбаян деректеріне, ұсынымдық хаттарға, уәкілетті органдардан алынған анықтамаларға тексеру жүргізіледі, алдыңғы жұмыс орнынан ақпарат сұратылады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әдеп нормаларды, осы Әдістемелік ұсынымдарды, балаларға қатысты

құқық бұзушылықтар мен заңсыз әрекеттер үшін қабылданатын тәртіптік шараларды білу кәсіптік аттестаттауға енгізіледі;

3) балаларды қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жылына 1 рет оқыту ұйымдастырылады;

4) балаларға қатысты заңсыз әрекеттер мен құқық бұзушылықтар жасаған қызметкерлер туралы, еңбек шартын бұзуды/тоқтатуды қоса алғанда және оларға қабылданған шаралар туралы хабардар етіледі.

11. Мектеп қызметкерлеріне (әкімшілік, педагогтер, техникалық персонал) қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша жауапкершілікті Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес үлестіру ұсынылады.

12. Мектеп қызметкерлеріне жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің алдын алуына жыл сайын оқудан өту ұсынылады. Жаңадан қабылданған қызметкерлер жұмыс басталғаннан бастап бірінші айдың ішінде осы курста оқиды.

13. Оқу жылы барысында әр сыныпта, келесі тақырыптарды қамти отырып, сынып сағаттары өткізіледі:

1) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің анықтамасы;

2) жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг туралы хабарлау ережелері;

3) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен балаларға көмек;

4) жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг жасаған балаға тәрбиелік және тәртіптік сипаттағы шаралар.

14. Жалпы білім беретін мектептерде жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің кез келген түрлерінен төзбеушілік жағдайын қамтамасыз ету ұсынылады.

15. Балаларды қорғау мәселелерін шешу, мектепте, мектепке барар жолда, мектептен тыс жерде балаларға қатысты жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің алдын алу үшін мектеп директорына:

1) тәртіптік комиссия (оқушыларға қатысты) құру туралы,

2) тәртіптік кеңес (мектеп қызметкерлеріне қатысты) құру туралы бұйрық шығару ұсынылады.

16. Мектепке келушілерге Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес Келушілерге, оның ішінде оқушылардың заңды өкілдеріне арналған нұсқаулыққа ұстану ұсынылады.

17. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оқушыларға қатыгездік жағдайларының алдын алу мақсатында мектеп қызметкерлеріне:

1) оқушылармен жеке хат алмасуға, оның ішінде телекоммуникация желілерін пайдалана отырып;

2) мектеп ұйымдастырған оқу-тәрбие сипатындағы іс-шаралар өткізілетін орындарды қоспағанда, оқушыларды үйге, кафелерге, мейрамханаларға, клубтарға және басқа да қоғамдық орындарға

шақыруға;

3) орынсыз (қолайсыз) физикалық байланысты жүзеге асыруға (мысалы, дененің кез-келген бөлігін сипау, шашты сипау, ересек адамды құшақтауға мәжбүрлеу);

4) оқушымен жабық үй-жайда жалғыз қалуға;

5) оқушылармен, оның қауіпсіздігіне және басқа оқушылардың қауіпсіздігіне тікелей байланысты құпияны сақтау туралы келісуге;

6) әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, жеке әңгімеде қорлайтын, сексуалдық сипаттағы пікірлерді білдіруге;

7) сексуалды ниетпен оқушыларға қатысты фото, видео, мәтіндік электрондық хабарламаларды жіберуге;

8) оқушылардың атынан олардың бейінін құру, фотосуреттерін таратуға;

9) сыныпта және жеке қорқыныш жағдайын құруға, қорқыту;

10) шұғыл ден қою, физикалық зиян немесе қауіп төнген және медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету қажет болған жағдайларында әрекетсіздік танытуға;

11) кез келген нысанда кемсітушілікті танытуға;

12) жыныстық, физикалық және психологиялық жәбірлеуге (әрекетті қоса алғанда);

13) оқушылардың өзін-өзі бағалауын төмендетуге, саркастикалық пікірлерді, мәлімдемелерді пайдалануға;

14) оқиғаның нақты кінәлісін анықтауға мүмкін болмаған жағдайда, оқушылардың бүкіл ұжымын жазалау есебінен тәртіпке келтіруге;

15) бір балаға педагогтің тәртіптік функцияларының бір бөлігін беруге жол берілмейді.

18. Көшпелі іс-шараларды өткізу кезінде педагогтер оқушылардың қауіпсіздігі үшін жағдай жасайды: ілесіп жүретін педагогтер санының оқушылар санына арақатынасын көздейді; оқушыларға іс-шараның өткізу уақыты, орны, лайықты киім кию туралы нұсқаулықтарды береді.

19. Мектеп оқушыларына:

1) кез келген нысанда кемсітушілікті танытуға;

2) басқа оқушыларға, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне), мектеп қызметкерлеріне, оның ішінде интернет арқылы, орынсыз, қорлайтын сөздерді қолдануға;

3) басқаларға физикалық немесе психологиялық зиян келтіруге;

4) басқа адамның мүлкіне зиян келтіруге;

5) кез келген қысым нысандары мен көздерін (оның ішінде әлеуметтік желілерді) пайдалана отырып, басқа балаларды қорқытуға, сыныпта, мектепте қорқыныш жағдайын құруға;

6) интернетте қауіпсіз мінез-құлық қағидаттарын бұзуға жол берілмейді.

20. Мектепте, мектептен тыс жерде жәбірлеу (буллингтен) зардап шеккен балалар туралы ақпаратты педагогтер:

1) көңіл-күй мен мінез-құлықтың өзгеруін, құрдастарымен қарым-қатынастың болмауын, мектепке барғысы келмеуін, сабақтарға қатыспауын, оқу жетістіктерінің төмендеуін, агрессивті, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықты бақылау;

2) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған оқушыларға тән физикалық және мінез-құлық көріністерін бағалау үшін мектеп қызметкерлерімен әңгімелесу - сұхбаттасу;

3) оқушылардың эсселерін, суреттері мен шығармашылық өнімдерін талдау, оқушылармен өткізілетін проективті әдістемелердің, рөлдік ойындардың нәтижелерін талдау;

4) оқушылардың өмірі, қиын өмірлік жағдайлары, олар бастан өткерген қиын оқиғалар туралы түрлі дереккөздер;

5) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған баламен әңгімелесу - сұхбаттасу Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшада ұсынылған сұрақтарға сәйкес жүргізу;

6) оқушы кибербуллингке ұшырайды деген күдік болған кезде, оның әлеуметтік желілердегі пайдаланушылық белсенділігін талдау, әлеуметтік желілердегі парақтардың мониторингілеу;

7) отбасылық жағдайды, әлеуметтік өмір жағдайларын, оның өміріне әсер еткен маңызды оқиғаларды бағалау мақсатында

оқушының тұрғылықты жеріне бару арқылы жинайды.

Құрдастар, ересектер (мектеп қызметкерлері, оқушылар, ата-аналар (заңды өкілдер) арасынан жәбірлеу (буллинг), кибербуллингті жасайтындардың мінез-құлқын бақылау, өзгеру себептерін нақтылау Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшада берілген ақпаратты жинау үшін педагогтерге арналған ескертуге сәйкес іске асырылады.

21. Мектепте оқушыларды, мектеп қызметкерлерді, ата-аналарды (заңды өкілдерді) оқушыларға қатысты күдіктер, жәбірлеу фактілері туралы хабарлауға ынталандыратын және мүмкіндік беретін жағдай жасау ұсынылады.

22. Мектепте балаларды жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен қорғау бойынша үлестіруші тағайындалады. Бұл міндетті директордың тәрбие жөніндегі орынбасарына (бұдан әрі – ДТЖО) жүктеу ұсынылады.

23. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің күдігі мен фактілері туралы хабарламаларды жіберудің, оның ішінде жасырын түрде, бірнеше тетіктері көзделеді: 1) мектеп директорына, ДТЖО, сынып жетекшісіне;

2) мектептегі барлық қолжетімді орындарда орналастырылған нөмірі 111 байланыс орталығына;

3) мектептегі барлық қолжетімді орындарда орналастырылған электрондық поштаға;

4) мектеп аумағында орналастырылған «Сенім

жәшігіне».

24. Хабарламада мектеп қызметкерлері, оқушылар, ата-аналар (заңды өкілдер) немесе мектептен тыс басқа да тұлғалар тарапынан оқушыларға қатысты күдіктер, жасалған немесе жоспарланған қатыгездік фактілері туралы ақпарат беріледі.

25. Хабарламалар:

1) балалардан

оған қатысты жәбірлеу туралы;

басқа оқушыға қатысты жәбірлеу туралы;

оған қатысты жәбірлеу жасауға күдік туралы;

2) ата-аналардан (заңды өкілдерден), басқа тұлғалардан мектеп оқушыларына қатысты жәбірлеу туралы;

мектеп оқушыларына қатысты жәбірлеу жасады деген күдік туралы болуы мүмкін.

26. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің алдын алу Әдістемелік ұсынымдарға 6-қосымшада берілген іс-шаралардың үлгі тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

27. Сынып жетекшілеріне сыныптағы жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің мүмкін белгілеріне назар аударып және расталған фактілер болмаса да, күдік туралы дер кезінде ДТЖО хабарлау ұсынылады.

28. Мектеп қызметкерлері (педагогтер, техникалық персонал, мектеп ғимаратын күзетуді қамтамасыз ететін тұлғалар, мектеп асханасының қызметкерлері) және оқушылар

жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің кез келген жағдайларында келесі алгоритм мен әрекет жасайды:

1) жағдайды қатысушылар үшін және сіз үшін қауіп тұрғысынан бағалаңыз;

2) ескерту жасаңыз, жанжалға қатысушыларды тоқтатыңыз;

3) қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жанжалды тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, кез келген адамды көмекке жіберіңіз;

4) оқиға туралы келесі телефондар арқылы хабарлаңыз:

+7 (7XX) XXX XXX (мектеп директорының телефон нөмірі);

+7 (7XX) XXX XXX (ДТЖО телефон нөмірі);

+7 (7XX)XXX XXX (кезекші әкімшінің телефон нөмірі);

111 (отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша байланыс орталығы);

5) қажет болған жағдайда жанжалға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдаңыз;

6) қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін мектептің медицина қызметкерін шақырыңыз;

7) болған оқиғаға куәгер болыңыз.

29. Мектеп директоры мектеп қызметкерлердің (педагогтер, техникалық персонал, мектеп ғимаратын күзетуді қамтамасыз ететін тұлғалар, мектеп асханасының қызметкерлері) және

оқушылардың жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің кез келген жағдайларында қолданатын алгоритмді мектептің барлық қолжетімді орындарында орналастыруды қамтамасыз етеді.

30. Мектеп директоры ақпаратты хабарлаған тұлғаларға қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілік шаралары туралы оны хабардар етеді.

31. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг туралы ақпарат және ол ақпаратты берген тұлға туралы мәлімет қатаң құпия болып табылады және мектеп ішінде немесе одан тыс жерлерде талқыланбайды.

Мектеп директоры қызметкерлермен ақпаратты тек қызметтік қажеттілік шеңберінде бөліседі немесе талқылайды, қызметкерге құпиялылықты сақтамағаны үшін жауапкершілік туралы жазбаша хабарлайды.

32. Балаға қатысты жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг туралы фактісі туралы ақпаратты жинауға, талдауға қатысатын мектеп қызметкерлері тергеуге қажетті материалдарды бергеннен кейін бұл ақпаратты дербес жұмыс компьютерінен, себеттен, электрондық поштадан дереу жояды; деректерді электрондық тасымалдағыштарға көшірген кезде оларды парольдермен жабады.

33. Құжаттардың қағаз нұсқаларын (жәбірлеу (буллинг),

кибербуллинг фактілерін тіркеу журналы, баланың жеке іс қағаздары, тергеу материалдары) құпия материалдардың сақталуын қамтамасыз ететін мектеп қызметкері кілтке жабылатын сейфте сақтайды.

34. ДТЖО хабарлама келіп түскен кезде оқушылардың денсаулығы мен өміріне келтірілген зиянның дәрежесін объективті бағалауды тәуекел факторлары, осалдық факторлары, қорғау факторлары бойынша жүргізіп тиісті хаттамаларды толтырады (Әдістемелік ұсынымдарға 7-қосымша).

35. Мектеп директоры немесе ДТЖО тұрақты негізде ықтимал жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг (Әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымша) туралы барлық ауызша және жазбаша хабарламаларды тіркей отырып, электрондық журнал жүргізеді.

36. Жауап берудің шұғылдылығына байланысты барлық хабарламалар шұғыл және шұғыл емес болып бөлінеді.

Шұғыл хабарламалар шешім шығарумен 24 сағат ішінде қаралады.

Бұзушылық болып табылмайтын және шұғыл араласуды қажет етпейтін фактілер туралы хабарламалар шұғыл емес болып табылады.

37. Шұғыл емес хабарлама түскен жағдайда мектеп директоры мектеп педагог-психологын сыныптағы қарым-қатынас динамикасын бақылау үшін

жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг жасалуы мүмкін сыныпқа жібереді.

38. Мектеп педагог-психологы бақылауды екі күнге дейін жүргізеді және жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған және оны жасаған балаларды белгілейді. Бақылау аяқталғаннан кейін мектеп педагог-психологы осы сыныпта жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг белгілерінің болуы туралы қорытындымен есеп береді.

39. Шұғыл емес хабарламалар тіркелген күннен бастап жеті күн ішінде қаралады.

40. Мектеп журналында тіркелген оқушыларға қатысты қатыгездік жағдайларына келесі сандық көрсеткіштер арқылы мониторинг жүргізу ұсынылады:

1) жәбірлеу түрлерінен оқушылар арасында тіркелген оқиғалардың саны (психологиялық, физикалық, жыныстық жәбірлеу, бопсалау, құдалау (интернеттегі қауіпті мінез-құлықты қоса алғанда);

2) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингті жасаған оқушылардың анықталған саны;

3) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен оқушылардың анықталған саны;

4) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке куәгер болған оқушылардың саны;

5) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің жоғары тәуекел тобына жатқызылған оқушылар саны;

6) мектепте дене жарақатын алған оқушылар саны;

7) ювеналды полицияда есепте тұрған оқушылар саны;

8) агрессивті мінез-құлыққа, оқушыларға жасалған жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке байланысты басқа мектептерге ауыстырылған оқушылар саны;

9) жәбірлеуге байланысты мектепке ұзақ уақыт келмеген оқушылар саны;

10) мектеп қызметкерлерінен жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған оқушылар саны;

11) оқушыларға қатыгездікпен қарауға байланысты жұмыстан босатылған мектеп қызметкерлерінің саны.

41. Мектеп әкімшілігі жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен, куәгер болған, оны жасаған балаларға қолдау көрсетеді.

42. Балаға жасалған қатыгездік жағдайы анықталған кезде мектеп әкімшілігі:

1) зардап шеккен оқушыны қатыгездік жасаған күдікті адамнан оқшалайды, ол үшін қауіпсіз және жайлы ортаны қамтамасыз етеді;

2) қажет болған жағдайда зардап шеккен оқушыға алғашқы медициналық көмек көрсетеді;

3) оқушының ата – анасын (заңды өкілдерін) оқиға туралы хабардар етеді; оқушымен барлық сөйлесу – сұхбаттасуларды олардың қатысуымен жүргізеді;

4) құқық қорғау органдарына, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті ұйымдарға,

медициналық ұйымдарға болған оқиға туралы дереу хабарлайды (жағдайдың сипатына қарай);

5) тәуекел дәрежесін бағалайды;
6) зардап шеккен баланың және басқа да адамдардың айғақтарымен салыстыра отырып, құқық бұзушының әңгімесін зерттеу негізінде тәртіптік тергеп-тексеру жүргізеді;

7) зардап шеккен балаға қолдау көрсету жоспарын әзірлейді;

8) мектептің тиімсіз құжаттарына, стандарттарына, үрдістеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізеді (мысалы, әлеуметтік желілерде оқушылардың фотоларын, суреттерін орналастыру саны көбейу кезінде, осы тақырыпқа арналған дәрістер өткізеді).

43. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен бала үшін мектепте:

1) жағдайды кешенді бағалау;

2) баланың құқықтары мен міндеттері туралы құқықтық білім беру;

3) әлеуметтік оңалту жөніндегі жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – Зардап шеккен баламен жеке жұмыс жоспары) әзірлеуді қамтитын психологиялық қолдау ұйымдастырылады.

44. Зардап шеккен баламен жеке жұмыс жоспарына:

1) отбасымен жұмыс жасағанда: мектептің әлеуметтік педагогтің отбасына тұрақты негізде баруды; ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді қолдау тобын құруды (қажет болған жағдайда); ата-

аналарға арналған тәрбие практикаларын жүргізуді, балалармен қарым-қатынас орнатуды, тәртіп жөніндегі бағдарламаны іске асыруды; қажет болған жағдайда отбасына әлеуметтік қолдау көрсетуді, ата-аналарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді; жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету шеңберінде материалдық қолдау көрсетуге жәрдемдесуді (қажет болған жағдайда); құжаттандыруға көмектесу;

2) баламен жұмыс жасағанда: баланы өз мүдделеріне сәйкес білім беру қызметінің қосымша нысандарына жіберуді; баланың эмоционалдық-мінез-құлық ерекшеліктерін жеке және топтық бейімдеуді; кеңестер, түзету, тренинг нысанында баланың әлеуметтенуін және дербестігін басқаруды; жеке тұлғаның мықты және әлсіз жақтарын дамыту бойынша жұмыс жасауды: коммуникативтік дағдыларды, өзін-өзі бағалауды қайта құру, сана мінез-құлықтың әдеттегі (автоматты) стратегияларды, ойларды, эмоцияларды қайта даярлауды іс-шараларын қосуға ұсынылады.

45. Зардап шеккен баламен алғашқы әңгіме жүргізу кезінде:

1) сабырлы және мейірімді болу;

2) баланы мұқият тыңдау;

3) болған оқиға туралы айту арқылы баланы дұрыс істегеніне сендіру;

- 4) онымен диалог жүргізу, тек оқиға бойынша ақпарат жинау, сұрақтарды тек жағдайды нақтылау үшін ғана қою;
 - 5) баланың қайта жарақаттануын болдырмау үшін айтылғандарды қайталау туралы өтініштерден аулақ болу;
 - 6) баланың іс-әрекетін «басқару», өз идеяларын, болжамдары мен қорытындыларын ұсынбау, оның іс-әрекетін бағалау;
 - 7) баланың маңызды сәттерді қайталауына кедергі жасамау;
 - 8) қажетті көмек көрсету және мәселені шешу үшін болған жағдай туралы көп адамға хабардар етпеу қажет екендігі туралы баланы хабардар ету;
 - 9) ақпаратты толығымен, сөзбе-сөз баланың қалай жеткізгенін жазып алу;
 - 10) жазбаша хаттама жасау қажет.
46. Балаларға оңалту сипатындағы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету:
- 1) мектепте тұрақты және қауіпсіз жағдай жасау;
 - 2) эмоционалды және психологиялық-педагогикалық қолдау;
 - 3) ішкі, психологиялық кедергілерді және мінез-құлық бұзылыстарды еңсеру арқылы баланың теріс тәжірибесін қайта өңдеу;
 - 4) баланың жағымсыз эмоционалды күйлерді жеңу дағдыларын меңгеру;
 - 5) қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету (көмекке жүгіну және өзіне-өзі көмек көрсету, өз бетінше әрекет

етуді басқару) арқылы іске асырылады.

47. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған және оны жасаған балалармен жұмыс жасағанда педагогтерге Әдістемелік ұсынымдарға 9-қосымшада берілген үлгілі жадынамамен пайдалануға ұсынылады.

48. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг фактісі расталған жағдайда ол арнайы журналында және оны жасаған оқушының жеке ісінде тіркеледі.

49. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингті жасаған баламен және оның ата-анасымен осы факт бойынша әңгіме жүргізіліп, оның салдары түсіндіріледі. Болжамды құқық бұзушымен қарым-қатынас кезінде ашықтық қағидаттарын ұстану, айыптаулардың сипатына түсініктеме беру, тергеу барысына және ықтимал салдары туралы хабарлау ұсынылады.

50. Тергеп-тексеру аяқталған жағдайда болжамды құқық бұзушыға бұзушылықтардың сипатына қарай Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық сипаттағы шаралар қолданылады.

51. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингті (оның ішінде топтық қорлау жағдайында әрбір бала үшін) жасаған бала үшін:

- 1) жағдайға кешенді бағалау жасалады;
- 2) жауапкершілік туралы құқықтық ағарту жұмысы жүргізіледі;

3) мектеп психологының жолдамасы бойынша психиатр-дәрігердің кеңесі беріледі;

4) кәмелетке толмағанды әлеуметтік бейімдеуге жеке жұмыс жоспары әзірленеді.

52. Кәмелетке толмағанды әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жеке жұмыс жоспарына:

1) баламен әңгімелесуді (агрессияның себебін анықтау үшін);

2) әлеуметтік педагогтің баланың отбасына баруды;

3) басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас дағдыларын арттыру үшін баланың жеке және топтық бейімделуді;

4) эмоционалды мінез - құлық көріністерін бақылау дағдыларын қалыптастыруды;

5) адам құқықтарына, жеке бас бостандығына, ар-намыс пен қадір-қасиетке, басқа адамның жеке өміріне құрметпен қарауды қалыптастыруды;

6) ата-аналармен тәрбие нормаларын және балалармен қарым-қатынас дағдыларын түсіндіру бойынша жеке кездесулер (Әдістемелік ұсынымдарға 10-қосымша) іс-шараларын қосуға ұсынылады.

53. Кәмелетке толмағанды әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жеке жұмыс жоспары оның ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) келісіледі. Жұмыс жоспарын іске асыруы құпиялылық нормаларын сақтай отырып қамтамасыз етіледі.

54. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке куә болған балаларға оңалту сипатындағы психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) мазасыздық деңгейін төмендететін және баланың эмоционалды жағдайын тұрақтандыратын сенімді әңгімелер жүргізу;

2) балаға өз сезімдерін білдіруге мүмкіндік беру;

3) балаға ұстамсыз мінез-құлық сезімдерді білдірудің қауіпті тәсілі екенін түсіндіру;

4) баланың жағдайын бақылау;

5) баланың мінез-құлқындағы дабыл белгілерін қадағалау;

6) қажет болған жағдайда мамандарға жүгіну;

7) ұжымды біріктіруге арналған іс-шараларды өткізу арқылы іске асырылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

55. Мектеп әкімшілігі осы Әдістемелік ұсынымдарды мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) назарына жеткізеді.

Осы Әдістемелік ұсынымдарда қозғалмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

1-қосымша

**Жалпы білім беретін мектептерінде физикалық
және экологиялық қауіпсіздік шарттарының
үлгілік тізбесі**



№	Атауы	Нормативтік құжатқа сілтеме
1	Мектеп жанындағы аумақты қоршау	Мектеп жанындағы аумақты қоршау «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) (бұдан әрі – №76 бұйрық) бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 6-тармағына сәйкес орнатылады.
2	Мектеп жанындағы аумақты абаттандыру	Мектеп маңындағы аумақты көгалдандыру үшін ең аз күтімді қажет ететін ағаштардың, бұталардың, көпжылдық гүлдер мен шөптердің жергілікті түрлерін пайдалану ұсынылады. Мектепке іргелес аумақты абаттандыру үшін оқушылардың жас тобына сәйкес функционалды шағын сәулет формаларын орнату ұсынылады.
3	Жол белгілері немесе жылдамдықты төмендету құралдары	Мектеп аумағында және оған іргелес аумақта олардың кіру топтары, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің көлік құралдарының қозғалыс жолдарына тікелей жақын болуы мүмкін ашық орындары орналасқан жағдайда жылдамдықты төмендету белгілерін немесе құралдарын орнату ұсынылады. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 757 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14161 болып тіркелген) Жол қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алу ұсынылады.
4	Оқу алаңдарын пайдалану	Оқу алаңдарын пайдалану №76 бұйрықтың 10-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

5	Жеке тұрған ғимараттарды немесе бірнеше жеке ғимараттарды пайдалану	Жеке тұрған ғимараттарды немесе бірнеше жеке ғимараттарды пайдалану №76 бұйрықтың 18, 19, 20, 21-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.
6	Бейнебақылау жүйесі	Бейнебақылау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес орнатылады.
7	Найзағайдан қорғау	Найзағайдан қорғау ҚР ҚҚ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге 2.04-103-2013 «Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғау құрылысы» сәйкес орнатылады.
8	Өрт қауіпсіздігі	Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2667 болып тіркелген) бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларын басшылыққа алу ұсынылады.
9	Электрмен жабдықтау жүйесі	Электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету дәрежесі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес белгіленеді.
10	Жарықтандыру	Жарықтандыру № 76 бұйрықтың 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49-тармақтарына сәйкес жасалады. «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

		Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ – 15 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 ақпанда № 26831 болып тіркелді) Қоғамдық, тұрғын, қосалқы ғимараттардың негізгі үй-жайларын жарықтандырудың нормаларына сәйкес жасалады.
11	Желдету және ауаны баптау жүйесі	Желдету және ауаны баптау жүйесі № 76 бұйрықтың 50, 51, 52, 53-тармақтарына сәйкес орнатылады.
12	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесі	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесі № 76 бұйрықтың 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38-тармақтарына сәйкес орнатылады.
13	Санитарлық тораптар	Санитарлық тораптар № 76 бұйрықтың 34, 38, 61, 65, 67, 92-тармағына сәйкес орнатылады.
14	Жылумен жабдықтау жүйесі	Жылумен жабдықтау жүйесі № 76 бұйрықтың 39, 40 - тармақтарына сәйкес орнатылады.
15	Жиһаз және жабдық	Жиһаз бен жабдықты «Мектепке дейінгі, жалпы білім беру ұйымдарын, арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі, жалпы білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларына сәйкес орнатылады.
16	Шатырлар, төбелер	Шатырлар мен төбелер ҚР ҚҚ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік 3.02-137-2013 «Шатырлар мен төбелер» нормативтерге сәйкес орнатылады.
17	Шынылау	Терезелерді шынылау № 76 бұйрықтың 45-тармағына сәйкес жүргізіледі.
18	Есіктер	Сыртқы есіктерді орнату ГОСТ 23747-88 «Алюминий қорытпаларынан жасалған есіктер. Жалпы техникалық шарттарға» сәйкес ұсынылады.

		<p>Эвакуациялық шығу жолдарындағы, баспалдақ алаңдарынан, изолятордан, ас үй-жайлардан, шеберханалардан есіктерді ГОСТ 3747-88 «Алюминий қорытпаларынан жасалған есіктер. Жалпы техникалық шарттарға» сәйкес орнату ұсынылады.</p> <p>Киім ауыстыратын бөлмелерде, дәретханаларда, жинау инвентарды сақтауға арналған үй-жайлардағы, асхананың өндірістік үй-жайларындағы есіктерді ГОСТ 6629-88 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттарға арналған ішкі ағаш есіктер» сәйкес орнату ұсынылады.</p>
19	Еден	Едендерді ҚР ҚҚ 3.02-01-2002 «Еден құрылғысы» сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес орнату ұсынылады.
20	Лифттер	Лифттерді мүгедек топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып орнату ұсынылады.
21	Баспалдақ қоршаулары	Баспалдақ қоршауын екі деңгейлі металлдан орнату ұсынылады.
22	Ашық спорт және ойын алаңдары	Ойын және спорт алаңдарындағы жабдықтарды білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойы мен жасына сәйкес орнату ұсынылады. Стационарлық және көлемді жабдық аударылып кетуді болдырмайтын сенімді бекітпеге бекітіледі. Ашық ауада спорт және ойын алаңдарын таза және бөгде заттардан таза ұстау ұсынылады.
23	Өткізу режимі	Жалпы білім беретін мектептерге өткізу режимі «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27414 болып тіркелді) бекітілген Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын

		талаптарға (бұдан әрі – №117 бұйрық) және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 440 – НҚ бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мектеп объектілерін, білім беру және кәсіптік ұйымдарды қорғау» СТ РК 3858-2023 Ұлттық стандартына сәйкес ұйымдастырылады.
24	Объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспорты	Объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспорты № 117 бұйрықпен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеуге және оның айналымына қойылатын талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.
25	Объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыру	Объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыру № 117 бұйрықпен бекітілген Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға қойылатын талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.
26	Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің іс-қимылы	Ғимаратта және оның аумағында терроризм актісін жасау күдігі туындаса, күдікті зат табылса, білім беру ұйымына телефон арқылы немесе жазбаша түрде қауіп-қатер туралы хабарлау түссе, жалпы білім беретін мектептердің қызметкерлеріне, педагогтеріне, білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қарулы шабуыл жасалынса, террористердің жалпы білім беретін мектеп ғимаратында қызметкерлерді, педагогтерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді кепілге алуы қаупі туындаса жалпы білім беретін мектептің директоры, педагогтері, білім алушылары, қызметкерлері, № 117 бұйрықпен бекітілген Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, білім

		алушылары мен тәрбиеленушілерінің іс-қимыл алгоритміне сәйкес әрекет етеді.
27	Білім беру ұйымдарында және оның аумағында терроризм актілерінің алдын алу	Білім беру ұйымдарында және оның аумағында терроризм актілерінің алдын алу № 117 бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарында және оның аумағында терроризм актілерінің алдын алу жөніндегі практикалық іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады.
28	Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде жалпы білім беретін мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылардың іс-әрекеттері	Өрт (жарылыс), ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауы, атмосфераға күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар шығарындыларымен авариялар туындаған кезде жалпы білім беретін мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлер, педагогтер, білім алушылар техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде № 117 бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің іс-қимыл тәртібіне сәйкес әрекет етеді.
29	Білім беру ұйымдарының қызметкерлерін, білім алушылары мен тәрбиеленушілерін техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қорғау тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту	Білім беру ұйымдарының қызметкерлерін, білім алушылары мен тәрбиеленушілерін техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қорғау тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту № 117 бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдарының қызметкерлерін, білім алушылары мен тәрбиеленушілерін техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қорғау тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту жөніндегі практикалық іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады.
30	Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы хабарлау	Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шұғыл хабарлау № 117 бұйрықпен бекітілген қызметтерінің телефон нөмірлері бойынша жүзеге асырылады.

2-қосымша

**Қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру кезінде
мектеп педагогтерінің жауапкершілігін үлестіру**



Педагогтер	Үлгі міндеттердің сипаттамасы
Мектеп директоры	<p>1) Мектепте балаларды қорғау және қауіпсіздік мәселелерінен жалпы басшылықты жүзеге асыру;</p> <p>2) балаларға қатысты жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің алдын алу және оған ден қою жөніндегі бақылау шарттары мен рәсімдерін қамтамасыз ету;</p> <p>3) балаларды жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен қорғау және қауіпсіздік мәселелерін үлестіру;</p> <p>4) өз құзыреті шеңберінде ресурстарды үлестіру;</p> <p>5) мектеп қызметкерлерінің, балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), жергілікті қоғамдастықтың балаларды қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне тартылуын үлестіру;</p> <p>6) жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша педагогтерге жыл сайын оқытуды ұйымдастыру.</p>
Мектеп педагогтері	<p>1) Балаларды қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне қатысты мектеп қызметкерлерін, балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) ақпараттандыруға, оқытуға қатысу;</p> <p>2) оқыс оқиғалар, балалардың құқықтарын бұзу фактілері бойынша тәртіптік тергеп-тексеру жүргізу кезінде оған қатысу;</p> <p>3) балалардың құқықтарын қорғауға байланысты рәсімдерді жүргізудің заңдылығын сақтауды қамтамасыз ету.</p>
Құзыретіне кадрлық қамтамасыз ету кіретін мектеп қызметкерлері	<p>1) Қызметкерлердің жеке басын, олардың психикалық және физикалық денсаулығын, мектепте жұмыс істеу құқығын, бұрынғы жұмыс орындарынан ақпарат алып тексеру;</p> <p>2) бұрын балаларға қатысты құқық бұзушылықтарды, құқыққа қайшы әрекеттерді (алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, билікті теріс пайдалану) жасау мәніне тексеру;</p> <p>3) қызметкерлерді БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясымен таныстыру;</p> <p>4) оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайларына қатысты оқыс оқиғаларды есепке алу;</p> <p>5) балаларға қатысты инциденттер мен кемсітушілік, құқық бұзушылық, құқыққа қайшы әрекеттер фактілерін тәртіптік тергеп-тексеруді жүзеге асыру;</p> <p>6) балаларға қатыгездік жасалған жағдайларда инциденттерге тергеп-тексеру жүргізу кезінде</p>

	<p>қызметкерлермен байланыста болу;</p> <p>7) балалардың құқықтарының бұзылуына байланысты жағдайлар туралы құжаттарды сақтау.</p>
Мектептің барлық қызметкерлері	<p>1) Осы Әдістемелік ұсынымдарды іске асыруды қамтамасыз ету;</p> <p>2) балаларды қорғау және қауіпсіздігі туралы хабардарлықты арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысу;</p> <p>3) күдіктер, қатыгездік фактілері туралы хабарлау.</p>

3-қосымша
Мектепке келушілерге, оның ішінде
оқушылардың
заңды өкілдеріне арналған үлгі нұсқаулық



1. Мектеп аумағына және мектеп ғимаратына кіруге мектеп әкімшілігімен және қызметкерлерімен алдын ала келісіммен рұқсат беріледі.

2. Мектеп қызметкерімен кездесуді ұйымдастыру үшін алдымен мектеп басшылығымен телефон немесе электрондық пошта арқылы кездесу уақыты мен орны туралы келісу қажет.

3. Белгіленген уақытта мектепке келіп, қауіпсіздік (күзет) қызметіне жүгініп, келушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетіп келушілерді тіркеу журналына жазылу қажет.

4. Қауіпсіздік қызметкерінің немесе мектеп қызметкерінің ертуімен белгіленген жерге барыңыз.

5. Педагогтермен кездесулер сабақтан тыс уақытта немесе үзілістер кезінде мүмкін болады.

6. Келушімен алдын ала уағдаластықпен кездесу тағайындалған мектеп қызметкері:

1) белгіленген кездесу туралы қауіпсіздік қызметі мен мектеп әкімшілігін алдын ала хабардар етеді;

2) келушіні белгіленген уақытта қарсы алады;

3) кездесу аяқталғаннан кейін мектептің қауіпсіздік қызметінің тіркеу орнына дейін шығарып салады;

4) келуші мектеп дәретханаларына барған кезде бірге жүреді және оның қайта шығуын қамтамасыз етеді.

7. Егер келушінің алдын ала келісімі болмаса (шұғыл жағдай) мектеп қызметкері:

1) мектеп директорына, әкімшілігіне келушімен кездесу мақсаты туралы хабарлайлы;

2) келуге, кездесуге рұқсат алады.

8. Мектепке алдын ала келісімсіз және тіркеусіз кіруге келесі жағдайларда рұқсат етіледі:

1) ата-аналар жиналысы;

2) ата-аналар бағдарламаларына қатысу;

3) «ашық есік» күндері;

4) мерекелік іс-шаралар.

9. Келушілерге:

1) педагогтер мен оқушыларды оқу сабақтарынан шақыруға (шұғыл жағдайларды қоспағанда);

2) мектепте бейне және фототүсірілім жүргізуге (мектеп әкімшілігімен алдын ала келіскен жағдайларды қоспағанда);

3) өзімен бірге тесетін-кесетін заттарды, газ құтыларын, басқа да қауіпті заттарды алып келуге;

4) үйде дайындалған тамақ өнімдерін, газдалған сусындарды, фастфудтарды әкелуге (мектеп әкімшілігімен алдын ала келіскен жағдайларды қоспағанда);

5) мектеп аумағында темекі шегуге, алкоголь ішуге тыйым салынады.

10. Жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетуден және келу мақсатын түсіндіруден бас тартқан тұлғалар мектепке жіберілмейді.

Осы нұсқаулықпен таныстым (Толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы) Күні

4-қосымша

Балаға қатысты жәбірлеу түрін анықтауға арналған сұрақтардың ұсынылатын тізбесі

Физикалық жәбірлеу (тұрақты немесе жекелеген ауыр жағдайлар)

Сұрақтар	Көмекші сұрақтардың болжамды нұсқалары	Маманға арналған түсіндірмелер
<p>1) Мектепте немесе үйде ересектер мен балалар кейде бір-бірімен қақтығыспауы сирек кездеседі.</p> <p>2) Кейде ересектер тіпті балаларды ұрады, бірақ менің ойымша, бұл дұрыс емес және олай болмауы керек.</p> <p>3) Бұл сенің мектебінде немесе үйінде қалай болады?</p> <p>4) Сені ұрған кездер болды ма?</p> <p>5) Бұл қалай болды?</p> <p>6) Сенің есінде ұзақ сақталған оқиға бар ма?</p> <p>7) Сені мектепте немесе үйде қалай жазалайды?</p> <p>8) Тағы қандай физикалық және физикалық емес жазалар есінде қалды?</p> <p>9) Сенде соққылар немесе жазалар салдарынан көгерулер, іздер, жарақаттар болды ма?</p> <p>10) Мұндай жағдайлар үйде емес, басқа жерлерде болды ма (мектепте, мектепке барар жолда, көшеде, сыныпта)?</p> <p>11) Осыдан кейін сендер қалай татуластыңдар?</p> <p>12) Сен бұл туралы кімге айттын?</p> <p>13) Бұл туралы саған не айтылды?</p>	<p>1) Бұл қаншалықты жиі болады?</p> <p>2) Қанша уақытқа созылды?</p> <p>3) Немен (әдетте) ұрады немесе ұрды?</p> <p>4) Бұл қаншалықты жаныңа батты?</p> <p>5) Мұндай соққыдан кейін сенде іздер қалды ма: көгеру, сызаттар, сынықтар?</p> <p>6) Көгерген жерлерді жасыруға тура келді ме?</p> <p>7) Сені ауруханаға әкеткен, дәрігерге көрсеткен жағдайлар болды ма?</p> <p>8) Ересектер (педагогтер, ата-аналар) неге осылай әрекет етті деп ойлайсың?</p> <p>9) Осындай әрекеттер саған қандай әсер етеді?</p>	<p>Баланың эмоционалдық жағдайын ескеру маңызды</p>

Психологиялық жәбірлеу

Сұрақтар	Көмекші сұрақтардың болжамды нұсқалары	Мектеп қызметкерлерін е арналған түсіндірмелер
<p>1) Сен мектепте кіммен оқисың, үйде кіммен тұрасың? 2) Мектепте, үйде саған кім және қалай қарайды, айтып берші? 3) Саған жиі ұрыса ма? 4) Саған қалай ұрысады? 5) Қалай жазалайды? 6) Ересектер бір-бірімен ұрыса ма? 7) Ересектер сенен біреудің затын сұрамай алуды өтінді ме (мәжбүрледі ме)? 8) Басқа ересектерге өтірік айтуды өтінді ме (мәжбүрледі ме)?</p>	<p>1) Сені үйде кім мақтайды? 2) Сені мектепте, үйде қалай атайды? 3) Қаншалықты жиі? 4) Олар саған не үшін ұрысады? 5) Қандай сөздермен? 6) Анаң, әкең, туыстарың, педагогтер саған ашуланғанда не айтады? 7) Ең көңіліңе тиген не болды? 8) Мерекелерді қалай тойлайсыңдар? 9) Сен уақытты үйде өткізгенді ұнатасың ба? Кіммен? 10) Мектептегі барлық балаларға бірдей қарайсың ба? 11) Егер сен дұрыс жауап бере алмасаң, олар саған не айтады? 12) Төмен баға аласын ба? 13) Мектепте педагогтер саған ұрыса ма? 14) Бұл қалай болады? 15) Сенде мектепте, үйде маңызды нәрсемен бөлісетін жақын адамың бар ма?</p>	<p>Егер сұхбат барысында жәбірлеу тақырыбы талқыланбаған болса, онда келесі сұрақты қою қажет «Саған мектепте, сыныпта, үйде ұрысады ма? Кім жиі ұрысады?» және жауапқа байланысты оны талқылауға оралу</p>

Мектептегі жәбірлеу

Сұрақтар	Үлгі нұсқалардың және көмекші сұрақтардың үлгісі	Мектеп қызметкерлеріне арналған түсіндірмелер
<p>1) Жалпы саған мектеп ұнайды ма?</p> <p>2) Саған қазір мектепте ұнайды ма?</p> <p>3) Педагогтер саған қалай қарайды?</p> <p>4) Сыныптастар саған қалай қарайды?</p> <p>5) Сен мектепке барғың келмеген кезің болды ма?</p> <p>6) Сен өзіңнің әлсіздігінді немен түсіндіресің?</p> <p>7) Барлығы (көпшілігі) саған қарсы болған кез болды ма?</p> <p>8) Олай болса, педагогтер сені қолдады ма?</p> <p>9) Сен бұл туралы кімге айттың?</p>	<p>1) Не ұнайды, не ұнамайды?</p> <p>2) Қашан, неменеге байланысты?</p> <p>3) Сені мазақтады ма, ұрды ма?</p> <p>4) Ең ренжіткен нәрсе не болды?</p> <p>5) Сені кім қолдады?</p> <p>6) Бұл ұзаққа созылды ма?</p> <p>7) Мұның бәрі қашан аяқталды?</p> <p>8) Сенің өміріңде тағы осындай жағдайлар болды ма?</p>	

5-қосымша

Педагог үшін ақпарат жинауға арналған үлгілік ескертпе

1. Егер сіздің оқушыңыз жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен болса, онда ол:

1) көбінесе жалғыз қалады және онымен қарым қатынасты бастауға ешкім тырыспайды;

2) сыныпқа кіргенде бәрі үнсіз қалады;

3) қарым-қатынасты бастауға тырысады, бірақ жауап ретінде бірден бірнеше адам сөйлей, бірдене істей бастайды, ол оған шамданады, оған лақап ат қояды;

4) қарым-қатынасты бастауға тырысады, бірақ ешкім ден қоймайды;

5) сөйлесу кезінде қорғаныс қимылдарын жиі қолданады (қолымен жабылады), айналасына қарайды;

6) сабақтан кейін өте тез жиналады және сыныптан бірінші болып шығуға тырысады, сыныптастарынан тез алыстауға тырысады;

7) сабақтан кейін өте ұзақ жиналады, бәрі кеткенін күткендей, содан кейін қадамын жасанды түрде баяулатады;

8) бұрын бұлай болмаса да кенеттен сабаққа кешігуді немесе сабақтан қалуды бастайды;

9) киімінде және басқа заттарында бор мен кез келген басқа кірдің іздері болады;

10) баланың көңіл-күйінде күрт өзгерістерді байқауға болады;

11) бала салдыр-салақ болып көріне бастады;

12) бала біреуге телефонын немесе басқа жеке заттарын пайдалануға береді, асханадан немесе дүкеннен басқа біреуге бірдеңе сатып алады;

13) оның оқу керек-жарақтары (оқулықтары, дәптерлері, жеке заттары) көбінесе сыныпта шашыраңқы жатады немесе жасырылады;

14) сабақтарда өзін жасырын, қорқынышты ұстайды, ол жауап бергенде сыныпта шу басталады;

15) үзіліс кезінде, асханада ол басқа оқушылардан аулақ болады, жасырынады, құрдастары мен үлкен оқушылардан қашады, педагогтер мен ересектерге жақын болуға тырысады;

16) оны мазақ етеді, қорлайтын лақап береді; басқа балалардың агрессивті әрекеттеріне ол күлімсіреп жауап береді, күлуге тырысады, қашып кетеді, жылайды; әдетте, агрессияға ұшырайтындар физикалық тұрғыдан әлсіз, спортпен айналыспайтын ұлдар, өз құрдастарына қарағанда қарапайым киінетін қыздар;

17) педагогтермен жақсы тіл табысады, бірақ, құрдастарымен тіл табыса алмайды;

18) сабақтың басталуына кешігіп келеді немесе мектептен кеш кетеді;

19) топтық ойындар кезінде оны елемейді немесе ол соңғы болып таңдалады;

20) жалпы мектептік, сыныптық іс-шараларға, сапарларға қатыспайды.

2. Егер сіздің оқушыңыз жәбірлеу (буллинг), кибербуллингті жасайтындардың бірі болса, онда ол:

1) сабақта үнемі өзіне назар аудартады, төмен баға алған кезде ұрыс-керіс шығарады, ашуланшақ және дөрекі;

2) достары мен таныстарын басқарады, көптеген балалар одан қорқады немесе оған мәжбүр болады;

3) өз әрекеттері үшін жауапкершілікті алмау үшін өтірік айтады;

4) оның мінез-құлқына балалардан да, ересектерден де шағымдар түседі;

5) құрдастары сияқты өзінің мінезін бақыламайды;

6) сабаққа көбінесе келмейді, басқа мектептердегі, аудандардағы құрдастарымен бірге жүреді;

7) сыныпты немесе мектепті қорқытатын шағын девиантты топтың құрамына кіреді;

8) әлеуметтік пайдалы жұмыстардан аулақ болады, өйткені бұл онымен әлсіздіктің белгісі ретінде қабылданады.

6-қосымша
**Мектептегі жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің
алдын алуға ұсынылатын іс-шаралар тізбесі**



1. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг туралы сыныпта пікір алмасуларды, әңгімелер оқуды ұйымдастыру және ол іс-шаралардың барысында неге жәбірлеу жаман және оны жасауға болмайтыны туралы, неге әр адамның ар – намысы мен қадір – қасиетін құрметтеу маңызды екенін талқылау.

2. Оқу жылының басында оқушыларды жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке қарсы ережелерді қоса алғанда, мектеп ережелерін жазуға тарту.

3. Жәбірлеу (буллингті) бастаған немесе одан зардап шеккен балаға уақытша қашықтан оқуға мүмкіндік беру.

4. Мектепте жүлделі орындарсыз және әр қатысушыны көтермелей отырып жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг тақырыбына әңгімелер, өлеңдер жазу, суреттер салу немесе бейнероликтер жасау шығармашылық конкурстарын ұйымдастыру.

5. Оқушыларды сыныптағы әр баламен қарым-қатынас жасауға ынталандыру үшін «кездейсоқ отырғызуды» қолдану.

6. Оқушыларды жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен құрдастары мен бастауыш сынып оқушыларын қолдау мектеп бағдарламасын әзірлеуге және оған қатысуға тарту.

7. Әр сыныпта балалардың әл-ауқаты бойынша Кеңесшілерді тағайындау. Бұл сыныптың

барлық міндеттері дәстүрлі түрде «жүктелетін» бала болмағаны жөн. Әр сыныпта екі кеңесшіні тағайындау ұсынылады: ұл мен қыз. Себебі қыз балаға жыныстық қудалау туралы ұл балаға айту ыңғайсыз болуы мүмкін.

8. Ата-аналарды тарту және қолдау, соның ішінде оларға позитивті ата-ана болу туралы консультациялық кеңес беру үшін, жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің алдын алу бойынша мектеп командасын құру.

9. Педагогтер мен техникалық персоналға дәретхана бөлмелерінде жәбірлеу (буллинг) фактілерін болдырмау үшін үзіліс және сабақ кезінде дәретханаларды үнемі тексеру.

10. Педагогтер мен мектеп әкімшілігіне мектеп асханаларда өз сыныптарымен бірге түскі ас ішу ұсынылады.

11. Балалардың әл-ауқаты, оның ішінде жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг мәселелері бойынша тұрақты анонимді сауалнама жүргізу. Сауалнама арқылы балалардың мектепте жайлы, инклюзивті жағдай құру туралы пікірлері мен көзқарастарын білу маңызды.

12. Барлық балаларды құрдастарына және басқа балаларға қатысты орынсыз мінез-құлық туралы пікірталасқа тарта отырып, жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке қарсы күрес онкүндігін тұрақты негізде өткізу.

13. Жағымды мінез-құлық танытқаны, сыныпта қолайлы жағдай қалыптастырғаны, жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтен зардап шеккен сыныптастарын қорғап оларға қолдау көрсеткені үшін балаларды ынталандыру. Мысалы, оларға мақтау қағаздарын тапсыру, ата-аналарына алғыс хаттар жіберу.

14. Сыныптастарының бір-бірін тануы мен қабылдауына, ұжымдағы ұйымшылдыққа бағытталған іс-шаралар өткізу. Балалар өздері туралы, отбасы, әуестенулері, қызығушылықтары,

үй жануарлары және т.б. туралы айтуға мүмкіндік алады. Жұмыстың бұл түрі әрбір оқушының психологиялық жайлығын қамтамасыз етеді. Тек қарым-қатынас барысында оқушылар жалпы адамзаттық тәжірибені игереді, өздерінің сенімдерін, мұраттары мен мінездерін дамытады.

15. Сынып жетекшісінің ай сайын балалар ұжымындағы қатынастар тұрғысынан сыныптың жеңілдетілген социометриялық диагностикасын жүргізу.

7-қосымша

Балаларға қатыгездік танытқан жағдайда тәуекел, осалдық және қорғаныс факторларын бағалауға ұсынылатын хаттамалар

Тәуекел факторларын анықтаған кезде олардың баланың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына әсерін ескеру қажет. Ол үшін келесі кесте толтырылады:

№	Тәуекел факторлары	Иә / Жоқ	Бала үшін салдардың мысалдары / дәлелдері
Оқушылар			
1.	Оқушының мінез-құлқы өзгерді ме (тұйық, агрессивті болды ма)?		
2.	Оның түсініксіз жарақаттары бар ма (жазатайым оқиғалар)?		
3.	Көңіл – күйінің түсуі, қорқыныш, мазасыздық, шиеленіс басым бола ма?		
4.	Басқаларға агрессияны таныта ма (физикалық және ауызша)?		
5.	Оқушы топтың мүшесі ме (оның ішінде әлеуметтік желілерде)?		
6.	Оқушы үйден қашып кете ме?		
7.	Оқушының жыныстық мінез - құлқы белсенді ме?		
8.	Оқушы өз жасына сәйкес емес жыныстық әрекеттер жасай ма?		
9.	Оқушының жыныстық жолмен жұғатын ауруы бар ма?		
Отбасылық жағдай			
10.	Оқушының қажеттіліктерін елемей белгілері бар ма (ол ұйқысы қанып ұйықтамайды, жиі аш жүреді, ауа-райына сәйкес киінбейді, ұқыпсыз, емделмеген жарақаттары бар)?		
11.	Оқушының ата-анасы оған мектепке баруға тыйым сала ма?		
12.	Ата-аналардың (заңды өкілдердің) баласынан шындыққа жанаспайтын үміттері бар ма?		

13.	Баланың денесінде физикалық жәбірлеу белгілері бар ма?		
14.	Ата-аналар (заңды өкілдер) алкогольді немесе басқа психоактивті заттарды қолдана ма?		
15.	Ата-аналарда (заңды өкілдерде) психикалық проблемалар немесе бұзушылықтар бар ма?		
16.	Ата-аналар (заңды өкілдер) ынтымақтастықтан бас тарта ма?		
17.	Ата-аналар (заңды өкілдер) агрессивті ме?		
18.	Ата-аналар (заңды өкілдер) жәбірлеумен қауіп төндіре ме?		
19.	Ата-аналар (заңды өкілдер) сіздің баламен кездесуіңізге кедергі келтіре ме?		
20.	Бұрын жәбірлеу немесе балаға немқұрайлылықпен қараған жағдайлары болды ма?		
21.	Өгей әкесі, өгей шешесі, немесе басқа ересек адам үйде тұра ма?		
22.	Балаға қорғау қажет пе?		

Осалдық факторлары неғұрлым көп болса, зиян келтіру қаупі соғұрлым жоғары болады.

№	Осалдық факторлары	Иә / Жоқ	Бала үшін салдардың мысалдары/ дәлелдері
	Бала		
1.	Оқушының денсаулығында физикалық шектеулер бар ма?		
2.	Оқушының сөйлеу ауытқулары бар ма (кекештену, көбінесе үндемеу)?		
3.	Оқушыға қосымша қолдау қажет пе?		
4.	Оқушы көп уақытты жалғыз өткізе ме, басқа балалармен араласпайды ма?		
5.	Оқушының денсаулығында психикалық проблемалар бар ма?		
6.	Оқушының тәуелділігі бар ма?		
7.	Оқушыда өзіне зиян келтіру қаупі бар ма, өзіне зиян келтіргені болды ма?		

8.	Оқушы өзін-өзі қол жұмсаймын деп қорқытты ма?		
9.	Өзіне зиян келтірудің алдыңғы белгілері болды ма?		
10.	Оқушының өз-өзіне қол жұмсау әрекеті болды ма?		
11.	Бала қорғаншылық органдарының, әлеуметтік қызметтердің қамқорлығында жиі болды ма?		

Ең қиын жағдайларда да қорғаныс факторларын тани білу қажет, өйткені кейбір мектеп қызметкерлері, көптеген заңды өкілдер коммуникативті, ата-аналық дағдыларды, білімі жоқ және оқушылармен қарым-қатынас тәсілдерін білмейді.

	Қорғаныс факторлары	Иә / Жоқ	Бала үшін салдардың мысалдары/ дәлелдері
	Оқушылар		
1.	Оқушының қызығушылықтары, қабілеттері		
2.	Оқушы сенетін ересектер (мектеп қызметкерлері, заңды өкілдер, жақын және алыс туыстар)		
	Заңды өкілдері/ мектеп қызметкерлері		
3.	Заңды өкілдердің білімділігі		
4.	Оқушылардың заңды өкілдеріне, мектепке, мектеп қызметкерлеріне деген ынтықтығы		
5.	Оқушының, заңды өкілдердің, мектеп қызметкерлерінің қарым-қатынасында жылы естеліктер мен оқиғалардың болуы		
6.	Заңды өкілдермен бірге уақыт өткізу (кем дегенде эпизодтық)		
7.	Оқушыға қамқорлық таныту		
8.	Жағдайды түзету үшін ынтымақтастыққа мүдделі болу		
9.	Өз қиындықтарын түсіну		
10.	Оқушылармен қиындықтарды жеңуге қызығушылық		

Тәуекелдің үш деңгейі бар:
1) төмен деңгей;

2) орташа деңгей;
3) жоғары деңгей.

Тәуекелдің төмен деңгейінде ата-аналар (заңды өкілдер), педагогтер қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады, күрделі отбасылық қатынастар байқалады, баланы күту және түсіну дағдылары жоқ, тәжірибесіз ата-аналардың бала тәрбиелеу дағдылары, балаға қатысты алаңдаушылық жоқ.

Тәуекелдің орташа деңгейінде балада сабаққа жиі келмеуі, алкогольді, есірткіні қолдануы, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі байқалады; оқушы мектепішілік есепке алынған, оның физикалық және психикалық денсаулығы алаңдатады.

Тәуекелдің орташа деңгейінде ата-аналар (заңды өкілдер) тарапынан тұрмыстық жәбірлеу жағдайлары, ақыл-ой ауытқулары, олардың психоактивті заттарды пайдалануы, баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне әсер ететін психикалық бұзылулар, ата-ана міндеттерін орындамау, баланың эмоционалдық немесе мінез-құлық дамуын нашарлататын оны тұрғылықсыз тәрбиелеу байқалады; баланың заңды өкілдерімен қарым-қатынасын бұзу қаупі бар, ата-аналар (заңды өкілдер) әлеуметтік оқшауланған, жергілікті мекемелермен байқалмайды.

Тәуекелдің жоғары деңгейінде балада сабаққа үнемі келмеуі, мүгедектік, физикалық

және психикалық денсаулығының ауыр проблемалары, басқарылмайтын агрессивті мінез-құлық байқалады; ол асоциалды топтардың мүшесі болып табылады (оның ішінде әлеуметтік желілерде), арнайы араласуды қажет ететін психикалық денсаулық проблемалары бар, жыныстық жәбірлеу, 18 жасқа дейінгі жүктілік, үйде ұзақ тұрмау, өзін-өзі бағалаудың төмендігі орын алады.

Мектеп қызметкерлерінің іс-әрекеттері:

1) тәуекелдің төмен немесе орташа деңгейінде мектепте баланың жеке басының оқу, коммуникативтік, реттеуші, өзін-өзі бағалау саласын қамтитын араласу және қолдау жоспары әзірленеді;

2) баланың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру, қауіп төндіру қаупі жоғары болған жағдайда, барлық материалдар шешім қабылдау және баламен оның жақын ортасына көмек көрсету үшін ведомствоаралық топқа беріледі.

8 -ҚОСЫМША

Балаларға қатысты қатыгездік таныту оқиғаларын есепке алудың электрондық журналының үлгісі

Тіркеу күні	Зардап шеккен бала туралы мәліметтер				Ата-ана мәртебесі	Тұрғын үй мәселесі	Оқиға орны			Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингтің түрі					Құқық бұзушы / жәбірлеуді жасаған				Қабылданған шаралар				Істің нәтижесі		
	баланың коды	жасы	жынысы	ұлты			мектепте	үйде	қоғамда	буллинг/кибербуллинг/физикалық	психологиялық	жыныстық	менсінбеу	қырдасы	мектеп қызметкері	занды өкілі	камкоршыла	басқалар	психологиялық-педагогикалық	медициналық көмек	әлеуметтік көмек	басқалары	мектеп	жәбірленуші	жәбірленген ұйым

9-қосымша
**Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған
және оны жасаған
балалармен жұмыс істеу үшін педагогтерге
ұсынылатын үлгі ескертпе**



1. Жәбірлеуге ұшыраған әр баламен бөлек сөйлесіп, болғанның бәрін жазбаша түрде (жасын ескере отырып) сипаттауды ұсыныңыз.

2. Жәбірлеуді бастаған топтың әрбір мүшесімен жеке өйлесіп, олардан оқиғаның жазбаша (жасын ескере отырып) баяндамасын алыңыз.

3. Девиантты топтың әрбір мүшесіне оның мінез-құлық ережелерін бұзғанын түсіндіріп, жасаған әрекеті үшін жауапкершілік шарасын белгілеңіз.

4. Бүкіл топты жинап, оның әрбір мүшесіне басқалардың алдында жеке әңгімеде онымен не туралы сөйлескенін айтуды ұсыныңыз.

5. Топ мүшелерін қалған балалармен кездесуге дайындаңыз: «Сендер бұл жерден шыққан кезде басқа балаларға не айтасыңдар?».

6. Девиантты топқа қатысқан балалардың ата-аналарымен сөйлесу, бұл түсініктемелерде ата-аналар тарапынан жәбірлеу туралы ақпарат болмаған жағдайда, оларға балалардың жазбаша түсініктемелерін көрсету. Егер балалар өздерінің түсіндірмелерінде ата-аналарының немесе басқа туыстарының тұрмыстық зорлық-зомбылығы туралы хабарлаған болса, бұл туралы ӘҚБТК-нің 127-1-бабына сәйкес дереу полицияға хабарлау қажет.

7. Балалардың жазбаша түсініктемелерімен және қабылданған шаралармен бірге барлық оқиғаларды жазып отырып,

күнделік жүргізіңіз.

8. Балаларды мектеп психологының көмегімен психологиялық қорғау әдістеріне үйретіңіз.

9. Жәбірлеуші балалардан зардап шеккен баладан жазбаша кешірім сұрауды талап етіңіз.

10. Егер жәбірлеуші бұл әзіл деп мәлімдесе, бұл жағдайды талқылау кезінде балалардың назарын оның күлкілі емес екеніне аударыңыз.

11. Егер жәбірлеушінің әрекеттері ойын түрімен тасаланған болса, онда тағы қай балалар осы «ойынға» қатысқанын белгілеп қойыңыз.

12. Баладан өзінің сезімдері туралы тағы кіммен сөйлесе алатынын сұраңыз: «Мен сенің соңғы кездері көңілсіз жүргеніңді байқадым. Мен сен үшін алаңдаймын. Саған көмектесу үшін не істей аламын? Сен тағы басқа біреумен сөйлескің келе ме?» деп айтыңыз.

13. Балаға өзіңіздің рөліңізді және оған қолдау көрсететін органдар өкілдерінің рөлін түсіндіріңіз (балаларды қорғау ұйымының қызметкері, әлеуметтік қызметкер, кеңесші). Балаларға мазасыздықты жоюдың көптеген қауіпсіз мүмкіндіктері қажет.

14. Жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраған балаға: «Мен саған сенемін», «Бұның болғанына өкінемін», «Бұл сенің кінәң емес», «Бұл туралы маған айтқаның жақсы болды», «Мен саған бұдан былай қауіп төндірмеуге тырысамын» деп айтыңыз.

10-қосымша
Ата-аналарға арналған үлгі ескертпе



1. Егер сіздің балаңыз жәбірлеу (буллинг), кибербуллингке ұшыраса, онда ол:

1) үйге сыныптастарының немесе құрдастарының ешқайсысын әкелмейді;

2) бос уақытын үйде, үнемі жалғыз өткізеді;

3) бос уақытын өткізетін жақын достары жоқ;

4) сыныптастары оны туған күндерге, мерекелерге сирек шақырады, ол да ешкімді өзіне шақырмайды, өйткені ол ешкім келмейді деп қорқады;

5) таңертең жиі бас ауруы, асқазанның бұзылуы туралы шағымданады немесе мектепке бармау үшін түрлі себептер келтіреді;

6) үнемі ойланып жүреді, тұйық, тәбетсіз тамақтанады, тынышсыз ұйықтайды, жылайды немесе ұйқыда айқайлайды;

7) оның пессимистік көңіл-күйі байқалады, ол мектепке барудан немесе өз-өзіне қол жұмсаудан қорқатынын айтады;

8) оның мінез-құлқында көңіл-күйдің күрт өзгеруі байқалады;

9) ата-аналарына, туыстарына, інілері мен әпкелеріне, үй жануарларына ашулы мінезін, ренжігенін көрсетеді;

10) өзінің теріс қылығының себебін нақты түсіндірмей, ақша сұрайды немесе жасырын ұрлайды. Егер үлкен сома ақша, қымбат заттар, зергерлік бұйымдар жоғала бастаса ерекше алаңдаушылық білдіріңіз;

11) үйге кішкентай жаралармен,

көгерулермен келеді, оның заттары еденді біреу сүрткендей көрінеді; кітаптар, дәптерлер, мектеп сөмкесі ұқыпсыз күйде; 12) мектепке баруға қалтарыс жолды таңдайды.

2. Егер сіздің балаңыз жәбірлеу (буллинг), кибербуллингті жасаған болса, онда ол:

1) өзін-өзі бағалауы жоғары бала, үнемі дауласады, құрдастарымен және ересектермен жанжалдасады;

2) ерте жастан асоциалды мінез-құлық көрсете бастайды: темекі шегеді, сабақтан кетеді, алкогольді ішеді, есірткіні шегеді, сыныптастары мен бастауыш сынып оқушыларынан ақша бопсалайды;

3) үйге қымбат заттарды әкеледі, оларды қайдан алғанын түсіндірмейді, өз ақшасы бар;

4) жасы үлкен жасөспірімдермен топтасады;

5) жауыз бейімділікке ие;

6) ойында достарына өз ережелерін жүктейді;

7) кішігірім реніштер үшін кек сақтайды;

8) нұсқауларды елемейді;

9) үнемі жанжалға себеп іздейді;

10) ата-аналарды құрметтемейді және олармен санаспайды.

Қазақстан Республикасының жалпы білім
беретін мектептерінде қауіпсіздік
мониторингін жүргізу және рейтингін
айқындау жөніндегі

әдістемелік ұсынымдар



1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қауіпсіздік мониторингін жүргізу және рейтингін айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) жалпы білім беретін мектептерінде (бұдан әрі-Мектеп) қауіпсіздік мониторингін жүргізу және қауіпсіздік көрсеткіштері негізінде Мектептердің рейтингін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Әдістемелік ұсынымдардың міндеті Мектептердегі қауіпсіздік жүйесін жақсарту және одан әрі қолданыстағы қауіпсіздік стандарттары мен заманауи талаптарға сәйкес түзету мүмкіндігімен оның тұрақты мониторингін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қауіпсіздік мониторингі:

- 1) физикалық қауіпсіздік;
- 2) экологиялық қауіпсіздік;
- 3) психологиялық қауіпсіздік көрсеткіштерін қамтиды.

Әрбір көрсеткіш өлшемтар мен өлшеу құралдарын қолдануды болжайды.

2-тарау. Мектептердің қауіпсіздік мониторингін жүргізу және рейтингін анықтау тәртібі

4. Мектептердің физикалық, экологиялық және психологиялық қауіпсіздігі бойынша рейтингін

айқындау Мектептердің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша алынған деректер негізінде жүргізіледі.

5. Мектептердің қауіпсіздігін мониторинглеуді Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне, Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне, Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттеріне, облыстардың білім басқармаларына, қалалар мен аудандардың білім бөлімдеріне «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ҰБДБ) негізінде жүргізу ұсынылады.

6. Қауіпсіздік мониторингін жүргізу үшін:

1) мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шаралар кестесі мен жоспарын жасау;

2) санитариялық-эпидемиологиялық қызметтерді, төтенше жағдайлар департаменттерін, полиция департаменттерін, аймақтық экология департаменттерін тарту;

3) Әдістемелік ұсынымдардың 3-тарауында баяндалған Мектеп қауіпсіздігі мониторингінің өлшемтары мен құралдарына сәйкес талдау және бағалау іс-шараларын жүргізу ұсынылады.

7. Мектептердің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелеріне 5-тармақта көрсетілген органдар мен ұйымдарға:

1) алынған деректерге талдау жүргізу;

- 2) қауіпсіздіктің әрбір көрсеткіші және мектептің физикалық, экологиялық және психологиялық қауіпсіздігінің жалпы көрсеткішіне қорытындыларды бере отырып, есепті қалыптастыру;
 - 3) мектеп қауіпсіздігі жүйесіндегі кемшіліктерді жоюына ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу;
 - 4) қайта мониторинг жүргізу мерзімінің мақсатын айқындау;
 - 5) білім беру саласындағы уәкілетті органның ҰБДБ мониторинг нәтижелерін толтыру;
 - 6) мектептердің қауіпсіздік рейтингін бес деңгейін анықтау ұсынылады.
8. Мектептегі қауіпсіздік деңгейінің мониторингін жылына кемінде 1 рет ұзақтығы 6 аптадан аспайтын мерзімде жүргізу ұсынылады.

3-тарау. Мектептерде қауіпсіздік мониторингін жүргізу өлшемдері мен құралдары

9. Мектептегі қауіпсіздік мониторингін жүргізу үшін мектеп қауіпсіздігінің әрбір көрсеткішімен деректерді жүйелеуге және талдауға мүмкіндік беретін құралдар мен өлшемдер пайдаланылады:
- 1) физикалық қауіпсіздікті талдау;
 - 2) экологиялық қауіпсіздікті талдау;
 - 3) психологиялық қауіпсіздікті талдау.
10. Талдау жүргізу үшін келесі

- құралдарды қолдану ұсынылады:
- 1) Мектептегі физикалық және экологиялық қауіпсіздігін бағалауға арналған чек-парақтар;
 - 2) Мектептегі психологиялық қауіпсіздігін бағалау үшін педагогтермен оқушыларға жүргізілетін сауалнамалар.
11. Мектептің қауіпсіздік деңгейін анықтау үшін физикалық, экологиялық, психологиялық қауіпсіздікті айқындау әдісі қолданылады.
12. Мектептің физикалық, экологиялық, психологиялық қауіпсіздігінің өлшемтары мен көрсеткіштерінің әрқайсысына есептеулер мен қорытындылар негізінде келесі қауіпсіздік деңгейлеріне рейтинг жасалады:
- 1) өте жоғары;
 - 2) жоғары;
 - 3) орташа;
 - 4) орташадан төмен;
 - 5) төмен.
- Қауіпсіздіктің өте жоғары деңгейінде Мектепте физикалық, экологиялық және психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шаралары сәтті жүзеге асырылуда, ең жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін озық технологиялар мен әдістер қолданылады. Мектеп қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жоғары нәтижелері мен инновациялық тәсілдерін көрсете отырып, басқа оқу орындарына үлгі болады. Қауіпсіздіктің жоғары деңгейінде Мектепте физикалық, экологиялық және психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

жөніндегі шаралар табысты іске асырылады, қауіпсіздікті бағалаудың әрбір көрсеткішінен жоғары стандарттар көрсетіледі, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін тиімді жүйелер мен технологиялар қолданылады.

Қауіпсіздіктің орташа деңгейінде Мектепте кейбір қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылады, бірақ жоғары деңгейге жету үшін белгілі бір салаларды жақсарту қажет. Қауіпсіздіктің негізгі стандарттары сақталады, бірақ жүйелер мен үрдістерді жетілдіру үшін қосымша күш қажет.

Қауіпсіздіктің орташадан төмен деңгейінде Мектепте кейбір қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылады, бірақ белгілі бір салаларда жақсартудың нақты қажеттілігі бар. Белгілі жетістіктерге қарамастан, кейбір қауіпсіздік компоненттері жеткіліксіз. Белгілі бір аспектілердегі тиімділіктің төмендігі жалпы қауіпсіздік деңгейін төмендетеді. Қауіпсіздік деңгейін жоғары деңгейге көтеру үшін қосымша күш пен ресурстар қажет.

Қауіпсіздіктің төмен деңгейінде Мектепте физикалық, экологиялық және психологиялық аспектілерде қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруда айтарлықтай жақсарту қажет. Оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі мен өміріне қауіп төндіретін күрделі мәселелер бар. Қауіптерді жою және қауіпсіздік

деңгейін арттыру үшін шұғыл шаралар қажет.

Мектептегі физикалық қауіпсіздікке талдау жүргізу үшін ұсынылатын чек-парақтар

Сұрақ	Жауаптар	Ұпай
1 – өлшем. Мектеп ғимараты		
1	Ғимаратты пайдалануға беру үшін қажетті құжаттар мен рұқсаттардың болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
2	Ғимарат пен жабдыққа тұрақты техникалық қызмет көрсету жоспарының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
3	Ғимараттың сейсмотұрақтылығын күшейту (сейсмикалық қауіпті өңірлерде)	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
4	Спорт және демалыс үшін инфрақұрылымның болуы (шағын сәулет нысандарының (ШСН), спорт алаңдарының, тренажер залдарының және демалуға арналған аймақтардың болуы)	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
5	Мүгедектердің ғимаратқа кіруіне қолжетімділігі	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
6	Найзағайдан қорғау «Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғау құрылғысы» ҚР ҚК 2.04-103-2013 сәйкес орнатылған	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
2 – өлшем. Мектептердің қоршалуы		
7	Мектептің бүкіл периметрі бойынша қоршалуы	Толығымен бар – 5 балл, Бар, бірақ зақымданған – 4 балл Жартылай бар – 2 балл Жоқ – 0 балл

3 - өлшем. Мектеп аумағы		
8	Білім беру объектісінің аумағына кіреберісте, шаруашылық құрылыстарға апаратын жолда, қоқыс жинайтын алаңдарға асфальттың, бетонның немесе басқа да қатты жабынның (тазалау үшін ыңғайлы) болуы	Бар – 5 балл Бар, бірақ бүлінген және жарамды күйде ұсталады – 4 балл Бар, бірақ зақымданған – 4 балл Жартылай – 2 балл Жоқ – 1 балл
4 - өлшем. Оқу алаңдарын пайдалану		
9	Оқу кабинеттері № 76 бұйрықтың қағидаларына сәйкес пайдалануға беріледі	Сәйкес келеді – 5 балл Нормадан асады – 0 балл
10	Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің саны объектінің жобалық сыйымдылығынан аспауға тиіс	Сәйкес келеді (немесе одан аз) – 5 балл 1,5 есе асады – 4 балл 2 есе асады – 3 балл 3 есе асады – 0 балл
11	Оқу, медициналық кабинеттер мен жатын бөлмелерге іргелес немесе олардың үстінде және астында білім алушылар мен тәрбиеленушілерге алаңдаушылық туғызатын, педагогикалық, медициналық, әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіретін үй-жайлар орналасқан ба (сорғы қондырғылары бар қазандықтар, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшесі бар)	Мұндай үй – жайлар жоқ – 5 балл Оқу, медициналық және жатын бөлмелерімен тікелей байланыс аймағынан тыс жерде бар – 4 балл Бар, бірақ дыбыс өткізбейтін жабдықпен оқшауланған – 3 балл

		Дыбысы айқын естіледі, бірақ жұмыс уақытында емес – 2 балл Дыбысы оқу және медициналық кабинеттерінде жұмыс жасауға қиындық туғызады – 1 балл	
5 – өлшем. Бейнебақылау жүйесі			
12	<p>Объектіде бейнебақылау жүйесінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жаппай жиналатын орындарда, 2) ғимараттарға кіреберістерде, 3) қабаттардағы дәліздер мен залдарда (фойелерде), 4) баспалдақ аралықтарында, 5) мектеп аумағының периметрі бойынша, 6) спорт және акт залдарында, 7) асханаларда, 8) киім-кешек бөлмелерінде, 9) білім беру объектілерінің учаскелерінде орналасқан ойын, спорт және демалыс алаңдарында 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Объект бейнебақылау жүйесімен толық қамтылған – 5 балл 2. Объектінің 5 аумағының 4-де бар – 4 балл 3. Объектінің 5 аумағының 3-де бар – 3 балл 4. Объектінің 5 аумағының 2-де бар – 2 балл 5. Барлық саласында фрагментті түрде бар – 2 балл 6. Объектінің 5 аумағының 1-де бар – 1 балл 7. Объектінің барлық салаларында жоқ – 0 балл 	
13	Құқық қорғау органдарының жедел басқару орталығының жүйесіне қосылуы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қосылған – 5 балл 2. Қосылған, бірақ кейбір техникалық ақаулар болуы мүмкін – 3 балл 3. Қосылмаған -0 балл 	

6 – өлшем. Жылдамдықты төмендету белгілері немесе құралдары		
14	Мектеп аумағының кіреберісінде және білім алушылардың жаппай болуы мүмкін ашық орындарда, жол жүру бөліктерінің жанында орнатылған белгілердің немесе жылдамдықты төмендету құралдарының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жартылай – 2 балл 3. Жоқ – 0 балл
7 - өлшем. Өрт қауіпсіздігі жүйесі		
15	Жарамды автоматты өрт дабылының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
16	Әрбір қабатта эвакуация жоспарының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
17	Ғимараттарды өрттен қорғаудың техникалық құралдары мен жүйелерінің болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жартылай – 2 балл 3. Жоқ – 0 балл
18	Өртке қарсы қорғау жүйелерін үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ететін лауазымды адамды тағайындау туралы мектеп директорының бұйрығының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл
19	Ұйымдардың кезекші персоналының үй-жайларында телефондарды орналастыру орындарында, эвакуациялау жоспарларында, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтарда «101» өртке қарсы қызметінің және «112» бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің телефон нөмірлері көрсетілген тақтайшалардың болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл

20	Жаттығуларды тіркеу журналында көрсете отырып, жарты жылда кемінде 1 рет тәжірибелік жаттығулар өткізу	1. Өткізіледі – 5 балл 2. Өткізілмейді – 0 балл	
21	Бастауышта білім алатын оқушыларымен жартыжылдықта кемінде 1 рет өртке қарсы тақырып бойынша әңгімелесулер өткізу	1. Өткізіледі – 5 балл 2. Өткізілмейді – 0 балл	
22	Орта және жоғары сынып оқушыларымен өрт қауіпсіздігі ережелерін зерделеу бойынша жарты жылда кемінде 1 рет нұсқаулық сабақтарын өткізу	1. Өткізіледі – 5 балл 2. Өткізілмейді – 0 балл	
8-өлшем. Электрмен жабдықтау жүйесі			
23	Мектеп ғимаратына кіреберісте резервті автоматты түрде қосатын және шығарылатын желілерде автоматты ажыратқыштары бар электр қалқанды енгізу-тарату құрылғысының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
24	Асхана үшін резервті автоматты түрде қосатын және шығатын желілерде автоматты ажыратқыштары бар дербес енгізу-тарату құрылғысының болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
25	Дизель-генератор қондырғысынан электрмен жабдықтау сенімділігі (эвакуациялық жарықтандыру) бойынша I ерекше санаттағы электр қаблдағыштар үшін қосымша қуаттандырудың болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
26	Мектеп аумағында немесе мектеп ғимаратының ішінде жалаңаш сымдар, розеткалар немесе	1. Табылған жоқ – 5 балл 2. Оқшауланған жағдайлар	

	сымдардың көрінетін бөліктері бар басқа электр құрылғылары табылды ма?	табылды – 3 балл 3. Көп мөлшерде (5 немесе одан да көп) табылды – 0 балл	
27	Ақаулар немесе шамадан тыс жүктемелер болған кезде электр қуатын автоматты түрде өшіру жүйелері бар ма?	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
28	Жалаңаш сымдарды және басқа да қауіпті электр ақауларын анықтау және жою үшін тұрақты тексеру (айына 1 рет) жүргізіліп, ол туралы арнаулы журналда жазбалар жасала ма?	1. Жүргізіледі – 5 балл 2. Сирек жүргізіледі – 3 балл 3. Жүргізілмейді – 0 балл	
29	Қызметкерлер мен оқушыларға электр қауіпсіздігі бойынша оқыту шаралары өткізіле ме? (жылына кемінде 1 рет)	1. Өткізіледі – 5 балл 2. Сирек өткізіледі – 3 балл 3. Өткізілмейді – 0 балл	
30	Электр жабдықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулар әзірленді ме және жарияланды ма?	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
9-өлшем. Жиһаз және жабдық			
31	Оқу, спорт және ойын жабдықтары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығының талаптарына сәйкес келе ме?	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
32	Оқу үй-жайларында есту және көру қабілеті төмен білім алушыларды отырғызу ережесі сақтала ма?	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
33	Жиһаз сол жақ жарықтандыруды қамтамасыз етуді ескере отырып орналастырыла ма?	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
34	Физика кабинетіндегі демонстрациялық және зертханалық үстелдерге электр қуатын жеткізу	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	

	қарастырылған ба?		
35	Химиялық реагенттер жауапты адамның бақылауымен арнайы бөлінген сейфте сақталады ма?	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
36	Оқу шеберханасының жабдықтары шу мен діріл деңгейіне сәйкес келе ме?	1. Иә – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
37	Спорт залдарында киім ауыстыратын бөлмелерде шкафтардың немесе киім ілгіштердің және орындықтардың болуы	1. Бар – 5 балл 2. Жоқ – 0 балл	
